



№ 12 шығарылым

«Тұрғындардың «дәрілік» сауаттылығын арттыру жөнінде шаралар кешенін жүзеге асыру керек. Дәрілік заттарды пайдалануға қатысты тұрғындардың хабардарлығы деңгейін арттырудың пәрменді тетіктері енгізілсін», «Егер денсаулықты ойлау әр отбасының шаруасы болса, онда мемлекет жүзеге асырып жатқан қадамдар әлдеқайда тиімді шығар еді».

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаев «Қазақстанды әлеуметтік жаңғырту: жалпыға ортақ еңбек қоғамына қарай жиырма қадам»

ДӘРІЛІК БЮЛЛЕТЕНЬ**ДӘРІЛІК САУАТТЫЛЫҒЫҢИЗДЫ АРТТЫРЫҢИЗ!****Тегін дәрілерді қалай алуға болады ?**

Қазақстан Республикасы азаматтарын тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде амбулаторлық деңгейде тегін дәрі-дәрмектермен қамтамасыз ету ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2011 жылғы 4 қарашадағы № 786 Бұйрығымен бекітілген Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде амбулаториялық деңгейде белгілі бір аурулары (жай-күйі) бар халықты тегін қамтамасыз ету үшін, дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдардың және мамандандырылған емдік өнімдердің Тізбесіне сәйкес жүзеге асырылады.

Бұл Тізбеге аурулардың 48 түрі бойынша тиімділігі дәлелденген дәрілік препараттардың шамамен 400 атауы енген.

Тегін дәрілік заттарды амбулаторлық деңгейде тегін алу үшін пациент алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсету ұйымына (емхана, ауылдық немесе аудандық емхана, дәрігерлік амбулатория, фельдшерлік-акушерлік пункт, медициналық пункт) тіркеліп, диспансерлік есепте тұруы тиіс, ал оның мәліметтері бекітілген халық Тіркеліміне енгізілуі шарт

Рецепттерді учаскелік дәрігерлер немесе бекітілген жері бойынша медициналық

ұйымның бейінді мамандары жазып береді.

Рецептті алғаннан кейін, Сіз, дәріхана ұйымына барып, рецептті, жеке бас куәлігін немесе баланың тууы туралы куәлігін көрсетуіңіз қажет.

Дәрілік заттар туралы ақпаратты қайдан алуға болады?

Дәрілік заттар туралы және тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде дәрілік қамтамасыз етілуге құқықтары жайлы толық әрі шынайы ақпаратқа халықтың қолжетімділігін арттыру, олардан келіп түскен сауалдарға жауап беру мақсатында Дәрі-дәрмек ақпараттық-талдау орталығы (ДАТО) құрылды.

Бүгінгі таңда ДАТО қызметіне халық сенімінің артуына және оның қажеттілігіне, Call-қызметіне келіп түсіп көптеген қоңыраулар дәлел бола алады. 2014 жылдың 9 айында ДАТО мамандары дәрілік заттарды дұрыс қолдану және тегін дәрілік препараттарды қол жеткізуге азаматтар құқықтары туралы еліміздің 21 мыңнан астам тұрғынына ақпарат берді

Олардың ішінде, 4,5 мыңнан астам сұрақ вирустық гепатитке қатысты қойылған және бұл көрсеткіш осы дәрілік бюллетеньді әзірлеуге себеп болды.

Аталмыш бюллетеннен өзіңізді толғандыратын сұрақтарға жауап таба алады деп сенеміз.

Бұдан әрі шығарылымда:

СОЗЫЛМАЛЫ ВИРУСТЫҚ ГЕПАТИТТЕР: НЕНІ БІЛУ МАҢЫЗДЫ	2
БЕРІЛУ ЖОЛДАРЫ ЖӘНЕ АЛДЫН АЛУ	3
ДИАГНОСТИКА	4
АСҚЫНУЛАР	5
ТЕГІН МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕКТІҢ КЕПІЛДІК БЕРІЛДІГЕН КӨЛЕМІ ШЕҢБЕРІНДЕ ДӘРІ-ДӘРМЕКПЕН ҚАМТАМАСЫ ЕТУ	6
СҰРАҚ – ЖАУАП	7

СОЗЫЛМАЛЫ ВИРУСТЫҚ ГЕПАТИТТЕР


Вирустық гепатит сырқаты дүниежүзінде өзекті мәселелердің бірі болып келеді. Қазақстан Республикасында созылмалы вирустық гепатит көбінесе еңбекке қабілетті жас шақта дамиды. Әлеуметтік ауру болып танылған, бұл фактор мемлекетке зор экономикалық зиян келтіріп, қаржы және адам ресурстарын ысырап болуына әкеліп соқтыруда.



Сол себепті созылмалы вирустық гепатиттің алдын алу, анықтау және оны емдеу қатаң түрде мемлекеттің патронажында.

Вирустық гепатиттер — бұл клиникалық белгілері ұқсас және көп жағдайда бауырға зақым келтіретін вирустық этиологиядағы аурулардың үлкен тобы.

Бауыр — адам ағзасының ең маңызды мүшесі, ол ас қорытуға қатысып қана қоймай (өт бөлу), сондай-ақ, ол ағзадағы маңызды «сүзгі» болып табылады - улы зат алмасу өнімдерін, аллергияларды және улы заттарды бейтараптандыра отырып, қанды тазартады.



Вирустық гепатиттердің клиникалық белгісі негізгі екі түрге бөлінеді: жіті және созылмалы.

Жіті вирустық гепатит - бірнеше аптадан бастап бірнеше айға дейін созылады.

Созылмалы вирустық гепатит - алты және одан да көп айға созылатын бауырдың қабынған-дистрофикалық ауруы.

Созылмалы түрі өз бетімен дамуы мүмкін (мысалы, этил спиртімен созылмалы түрде уланған кезде), немесе емделмеген жіті вирустық гепатиттің жалғасы болуы мүмкін (В, Д вирустық гепатит).

Созылмалы вирустық гепатитке мыналар жатады:

- созылмалы вирустық В гепатиті;
- созылмалы вирустық Д гепатиті;
- созылмалы вирустық С гепатиті.

Клиникалық көрінісі

Созылмалы вирустық гепатиттің көрініс табуы, әдетте, кезеңдік болып келеді.

Созылмалы гепатит жасырын күйде (біраз уақытқа дейін) болып, клиникалық байқалмауы мүмкін және оның алғашқы белгілері мыналар болып табылады:

- бауыр көлемінің ұлғаюы;
- іштің ауырлығы немесе жайсыздық (бауыр орналасқан оң жақта);
- оң жақ қабырға астының сыздап ауыруы, майлы тағамның жақпауы және т.б. ;
- әлсіреу және шаршау;
- тәбеттің болмауы, жүрек айнуы;
- кіші дәреттің күңгірттенуі;
- үлкен дәрет түсінің өзгеруі (ашық бола бастайды);
- терінің және көз ағының сарғыштануы (сары ауру);

• «бауыр белгілері» — дене және көз терісінің жұлдызша түріндегі капиллярлардың кеңеюі, “бауырлық алақандар» — алақандардың қызаруы ;



- қан ұюының бұзылуы, мұрыннан қан кету және көгерулердің оңай пайда болуы.



*Осы белгілер байқалған адам,
бірден медициналық ұйымға
барып,
қаралуы тиіс!*

В Вирустық гепатиті – коздырғышы В гепатитінің вирусы болып табылатын жұқпалы ауру. Вирус әртүрлі физикалық және химиялық факторларға: төмен және жоғары температураға (соның ішінде қайнатуға), бірнеше рет мұздатып ерітуге, қышқыл ортаның ұзақ әсеріне аса жоғары тұрақтылығымен ерекшеленеді.

Бөлме температурасындағы сыртқы ортада ВВГ: тіпті ұстараның жүзінде, ине ұшында, кепкең, тіпті, білінбейтін қан дағында бірнеше апта сақталып қалуы мүмкін.

С Вирустық гепатиті - коздырғышы С гепатитінің вирусы болып табылатын жұқпалы ауру. С гепатиті көптеген басқа аурулар сияқты, нақты себебі жасырын қалатын сырқаттарға тән ерекшелігімен «мейірімді ауру» деп те аталады.

В және С гепатиттері вирустарының негізгі берілу жолдары:

- жыныстық қатынас;
 - коздырғыш енген қанды құю;
 - тігінен (вирусты жұқтырған ананың жүктілік кезінде, босанған, емізген уақытта балаға);
 - коздырғыш енген медициналық аспаптарды қолдану;
 - вирустық гепатитпен ауыратын науқастардың тұрмыстық заттарын пайдаланған сәтте (тіс щеткалары, майлықтар, ұстаралар).
- Вирустық гепатит – емдеп жазғаннан бұрын,

ЕСТЕ САҚТАҢЫЗ!

Гепатит вирусы өміршең және ЖИТС вирусына қарағанда сыртқы ортада ұзақ сақталады (кейде – бірнеше апта бойы).

алдын алуы оңайға соғатын өте кең таралған қауіпті ауру.

Гепатит вирусын жұқтырудың алдын алу туралы не білеміз?

1. Басқа адамдардың биологиялық сұйықтықтарына тиіп кетуден, әсіресе, қаннан сақтаныңыз. Қан микроскопиялық көлемде ұстараларда, тіс щеткаларында, тырнақты алатын қайшыларда қалып қоюы мүмкін. Бұл заттарды басқа адамдармен бөлісудің қажеті жоқ.

2. Медициналық ұйымдарда емдік және диагностикалық шараларды жүргізген сәтте бір рет қолданылатын жабдықтардың қолданылуын қадағалаңыз.

3. Кездейсоқ қорғалмаған жыныстық қатынастарға жол бермеңіз, презервативтерді пайдаланыңыз.

4. Есірткі қабылдаудан бас тартыңыз, жалпыға ортақ шприцтер мен инелерді пайдаланбаңыз.

5. Ешуақытта зарарсыздандырылмаған аспаптармен пирсинг және татуировкалар жасамаңыз.

6. Сұлулық салондарына және косметологиялық клиникаларға барғанда бір рет қолданылатын аспаптардың жеке қолданылуының сақталуын қадағалаңыз.

7. Егер Сіз жүкті болсаңыз, онда баланың індет жұқтыруын алдын алуға арналған қажетті шаралар қабылдау үшін міндетті түрде дәрігерге қаралыңыз.

8. Зиянды әдеттерден – ішімдік ішуден, шылым шегуден бас тартыңыз – себебі олар Сіздің бауырыңызға зор зиян келтіреді.

В гепатиті вирусының берілу жолдарының әртүрлілігін және инфекция көздерінің көптігін ескерсек, аурудың алдын алудың ең тиімді құралы - вакцинациялау екенін еске саламыз.

В гепатиті вирусына қарсы вакцинациялау:


- өмірге келгеннен кейінгі алғашқы 12 сағаттың ішінде, 2 және 6 айлық балаларға;
- меншік түріне байланыссыз медицина ұйымдарының медицина қызметкерлеріне (дәрігерлер, орташа және кіші медицина персоналы);
- меншік түріне байланыссыз медициналық бейіндегі орта және жоғары білім беру ұйымдарында оқитын тұлғаларға;
- жыныстық және тұрмыстық берілу жолдарын алдын алу үшін, ВВГ ошақтарында науқаспен байланыста болған тұлғаларға;
- қан құю жиілігіне қарамастан қан, оның компоненттері мен препараттарының реципиенттеріне;
- алғаш анықталған АИТВ инфекциясын жұқтырғандарға;
- жиілікке қарамастан тіндердің және (немесе) ағзалардың (ағзалар бөліктерінің) гемодиализі мен трансплантаттауға жататын алғаш анықталған адамдарға;
- онкогематологиялық науқастар, сондай-ақ, иммуносупрессиялық препараттарды қабылдайтын науқастарға жасалады.

ЕСТЕ ҰСТАҢЫЗ!

Гепатит вирусы тағам өнімдері немесе су, тұрмыстық қарым-қатынастар арқылы, мысалы, инфекция жұқтырған адамды құшақтау, сүю және тамақ өнімдері мен сусындарды бірге тұтынудан берілмейді. Жұқтырып алуды алдын алудың басты ережесі негізгі профилактика шараларын сақтау және әркімнің өз денсаулығына жауапкершілікпен қарауы болып табылады.

Созылмалы вирустық гепатиттің диагностикасына клиникалық белгілерді және зертханалық көрсеткіштерді бағалау жатады.

Созылмалы вирусты гепатиттің жасырын түрде (еш белгісіз) ВВГ және СВГ жұқтыруға бейімдірек адамдардың арасында В және С вирустық гепатитін ерте анықтауға (иммуноферменттік талдау, полимераздық тізбектік реакция әдісімен) жыл сайын профилактикалық зерттеулер жүргізу маңызды болып табылады.



Халықтың жұқтыру қаупі жоғары тобына мыналар жатады:

- анамнезінде операциялық араласулары, қан мен оның компоненттерін құю бар қан ауруларымен, қатерлі ісіктермен ауыратын гемодиализдегі балалар;

- анамнезінде операциялық араласулары, қан мен оның компоненттерін құю бар қан ауруларымен, қатерлі ісіктермен ауыратын гемодиализдегі ересектер, сондай-ақ «В» және «С» вирусты гепатиттерін жұқтырудың жоғары қаупі бар медицина қызметкерлері.


Скрининг – қауіпті факторларды және ауруды ерте сатысында анықтау үшін белгілі бір тұлғаларды профилактикалық медициналық тексеру. В және С вирустық гепатиттерін ерте анықтауға арналған скринингтік зерттеулер тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде аумақтық бекітілу орны бойынша емханаларда тегін жүргізіледі.

Тестілеудің оң нәтижесінде және созылмалы вирустық гепатитке күдік туған кезде, одан әрі тексеру және диагнозды растау үшін, пациенттер бекітілген орны бойынша медициналық ұйымның дәрігер-гастроэнтерологына немесе инфекционистке жіберіледі.


«Созылмалы вирустық гепатит» диагнозы расталған кезде, пациенттер одан әрі диспансерлік бақылауға және вирусқа қарсы терапияға көрсетілімдер мен қарсы көрсетілімдерді анықтау үшін, облыстың гепатологиялық кабинетке (орталыққа) жіберіледі.



**2012 жылғы 17 ақпандағы № 92 бұйрығына сәйкес
«Созылмалы вирустық гепатит» диагнозы қойылған пациенттің
бағыты**



Созылмалы вирустық гепатит бауыр циррозына ауысып кетуі немесе бауыр рагінің дамуымен аяқталуы мүмкін. Осы тұрғыдан дәрігерлер ең қауіптісі С гепатиті деп есептейді.



Вирусты гепатиттің асқынуларына мыналар жатады:

- өт шығару жолдары жұмысының бұзылуы;
- бауырдың энцефалопатиясы. Вирус бауырдың тіндерін бұзады, және ол бастағы миға теріс әсер ететін улы өнімдерді зарарсыздандыруға қабілетсіз болып қалады. Науқастың ми қызметі бұзылады, бұл бауыр комасына әкеп соғуы мүмкін;

- қанның ұюы төмендейді. Норма бойынша бауырда көптеген қанның ұю факторлары пайда болады. Бауырдың жетіспеушілігінен олардың «өндірісі» төмендейді;

- мұрыннан және қызылиектен жиі қан кету;
- бас мидың ісігі;
- жіті тыныс алудың жеткіліксіздігі;
- бүйректің жеткіліксіздігі.

Гепатиттің кеш дамыған асқынуларына мыналар жатады:

- бауыр циррозы;
- гепатоцеллюлярлық рак (алғашқы бауыр рагы);
- бауыр комасы.

Бауыр циррозы көбінесе В, С, D вирустық гепатиттерінің созылмалы түрлерінің асқынуы болып табылады.

Цирроз – бауыр тіндерінің фиброзды дәнекер ұлпамен немесе арқаумен қайтымсыз алмасуымен сипатталатын бауырдың ауыр сырқаты.

Цирротикалық бауырдың көлемі үлкейген немесе кішірейген, әдеттегіден тығыз, кедір-бұдыр, тұтқыр болады. Бұл дәнекер ұлпамен алмасу.

Клиникалық жағынан бұл бауырдың өз қызметін толығымен атқара алмайтындығымен сипатталады.

Егер цирроз мөлшері үлкен болмаса, тәбеттің болмауы, терінің сарғаюы немесе қышуы түріндегі асқыну белгілері тамақтану режимі бұзылғанда немесе ішімдік ішкеннен кейін пайда болады. Егер цирроз ошағы айтарлықтай болса, онда жоғарыда аталған белгілер пациентті үнемі мазалайды. Цирроздың белгілеріне әлсіздік, бастың ауыруы, ұйқының қашуы және артериялық қысымның артуы қосылады.

Бауыр циррозының белгілері



Бауыр циррозы бауыр тіндерінің қайтымсыз өзгеруі болып табылады, сондықтан, тіпті емдеу іс-шараларын жүргізген кезде де толығымен жазылып кету мүмкін емес. Егер де циррозды емдемесе, онда сырқат бауыр рагымен немесе бауыр комасының дамуымен аяқталады.

Гепатоцеллюлярлық карцинома (бауыр рагы) – бұл қатерлі онкологиялық ауру. С гепатиті немесе В және D вирусты гепатиттерінің емделмеген түрлері бауыр рагымен аяқталуы мүмкін. Егер аурудың бастапқы кезеңінде кешенді емдеу жүргізілсе, рақты емдеп жазуға болады. Бауыр рагының емделмеген және асқынған түрлері өліммен аяқталуы мүмкін.



Бауыр рагын ерте анықтау мақсатында 2013 жылдан бастап Қазақстан Республикасында тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде вирусқа қарсы терапиядағыларды қоспағанда, бауыр циррозы бойынша диспансерлік есепте тұрған еркектер мен әйелдер арасында бауыр рагын ерте анықтау үшін кезең-кезеңімен скрининг енгізілуде.

Құрметті оқырмандар! Сіздердің назарларыңызға Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде амбулаторлық деңгейде босатылатын дәрілік заттардың Тізбесіне енген бірнеше дәрілік препараттарды ұсынамыз.

Қазақстан Республикасының азаматтарын тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі (бұдан әрі - **ТМККК**) шеңберінде амбулаторлық деңгейде тегін дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету рецепт бойынша дәріхана ұйымдары арқылы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2011 жылғы 4 қарашадағы №786 бұйрығымен бекітілген Тегін дәрілік заттардың Тізбесіне сәйкес жүзеге асырылады.

Пациент міндетті түрде медициналық ұйымның диспансерлік есебінде тұруы тиіс, ал рецепттерді учаскелік дәрігерлер немесе бейінді мамандар (инфекционист, гастроэнтеролог және т.б.) жазып береді.

Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде созылмалы вирусты гепатиттермен ауыратын пациенттерге немесе олардың болуына күдік туғанда зерттеп-қарау және емдеу қағидасы (бұдан әрі – Қағида) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2012 жылғы 17 ақпандағы №92 бұйрығымен бекітілген.

Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде (яғни, тегін) вирусқа қарсы ем жүргізуге берілген көрсеткімдер мен қарсы көрсеткімдерді гепатологиялық кабинеттің (орталықтың) дәрігерлері белгілейді. Бұл ретте вирусқа қарсы ем тағайындау туралы шешімді Комиссия қабылдайды.

Қазақстан Республикасы В және С созылмалы вирусты гепатиттерін тегін емдейтін ТМД елдерінің ішіндегі алғашқылардың бірі болып табылады.

Комиссияның вирусқа қарсы ем тағайындау туралы хаттамалық шешімінің негізінде, гепатологиялық кабинеттің (орталықтың) дәрігерлері:

1) пациентті балалар мен ересектер үшін, сондай-ақ, созылмалы гепатиттердің әртүрлі этиологиясы үшін бөлек қалыптастырылатын

вирусқа қарсы терапияны күту парағына енгізеді, онымен пациент сәйкес облыстың Денсаулық сақтау басқармасының сайтында танысуына болады;

2) пациенттердің дәрілік заттарды тегін алуына рецепт жазып береді.

Диспансерлік есепте тұрған пациенттерге төмендегі дәрілік заттар тегін жазылып беріледі:

**• созылмалы вирустық В гепатиті;
• созылмалы вирустық С гепатиті
диагноздарымен диспансерлік есепте тұрған ересектерге:**

• Пегинтерферон - альфа 2 b, инъекцияға арналған ерітінді дайындауға арналған лиофилизирленген ұнтақ

• Пегинтерферон - альфа 2 а, шприц – сықпадағы инъекцияға арналған ерітінді

• Пегинтерферон альфа 2 b, инъекцияға арналған ерітінді дайындауға арналған лиофилизирленген ұнтақ

• Рибавирин, капсула, таблетка

**• созылмалы вирустық В гепатиті;
• созылмалы вирустық С гепатиті
диагноздарымен диспансерлік есепте тұрған балаларға:**

• Интерферон - альфа 2 b, инъекцияға арналған ерітінді дайындауға арналған лиофилденген ұнтақ/шприц – сықпа/шприц-қалам

• Пегинтерферон - альфа 2 b, инъекцияға арналған ерітінді дайындауға арналған лиофилденген ұнтақ/шприц-қалам

• Рибавирин капсула, таблетка, ішуге арналған ерітінді.

NB!

Бұл ретте жүргізілетін терапияны емдеуші дәрігер таңдайды.



СҰРАҚ: *Менің анамды 2012 жылы «Созылмалы вирустық С гепатиті және бауыр циррозы» диагнозымен есепке қойды. Гепатопротекторлық препараттарды ғана алады. Қандай препараттарды тегін алуға болатындығын айтыңызшы?*

ЖАУАП: «Созылмалы вирустық С гепатиті» диагнозымен диспансерлік есепте тұрған пациенттерге Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2011 жылғы 4 қарашадағы №786 бұйрығымен бекітілген Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің шеңберінде амбулаторлық деңгейде белгілі бір аурулары (жай-күйі) бар халықты тегін қамтамасыз ету үшін дәрілік заттардың және медициналық мақсаттағы бұйымдардың және мамандандырылған емдік өнімдердің тізбесіне сәйкес тегін дәрілік заттар жазылып беріледі.

Осыған орай, Сіздің анаңыз денсаулық жағдайын қадағалау, вирусқа қарсы терапияға көрсетілімдерді және қарсы көрсетілімдерді анықтау үшін сәйкес облыстың гепатологиялық кабинетіне (орталыққа) диспансерлік есепке тұруы қажет. Толық ақпаратты, сондай-ақ ҚР ДСМ № 786 бұйрықтың толық нұсқасын Сіз www.druginfo.kz сайтындағы «Тегін дәрілерге азаматтардың құқығы» айдарынан оқи аласыз.

СҰРАҚ: *Жүкті әйелдерге тегін препараттар беріле ме?*

ЖАУАП: Денсаулық сақтау министрінің 2011 жылғы 4 қарашадағы №786 бұйрығымен диспансерлік есепте тұрған пациенттер үшін, тегін босатылатын дәрілік заттардың Тізбесі бекітілген. Жоғарыда аталған Тізбеге сәйкес, аскорбин және фоли қышқылдарымен бірге темір препараттары «II, III дәрежедегі темір тапшылығы сарысу темірінің көрсеткіші 10мкмоль/л-ден төмен)» диагнозымен диспансерлік есепте тұрған ұрпақты болу (балам туу) жасындағы әйелдерге беріледі.

Толық ақпаратты Сіз www.druginfo.kz сайтындағы, «Тегін дәрілерге азаматтардың құқығы» айдарынан оқи аласыз.

СҰРАҚ: *Ерте жастағы балаларға құрғақ сүт қоспасы қандай белгілер бойынша беріледі? Қандай беру нормалары бар?*

ЖАУАП: «Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде амбулаторлық деңгейде белгілі бір аурулары (жай-күйі) бар халықты тегін қамтамасыз ету үшін дәрілік заттардың және медициналық мақсаттағы бұйымдардың және мамандандырылған емдік өнімдердің тізбесін бекіту туралы» ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2011 жылғы 4 қарашадағы № 786 бұйрығымен, 1 жасқа дейінгі баланы ерте жасанды қоректендіруге ауыстыруға және сүт қоспаларымен қамтамасыз етуге арналған абсолюттік, салыстырмалық медициналық және әлеуметтік айғақтар бекітілген.

Абсолюттік айғақтар көрсетілімдер тізбесіне балаларды асырап алу сияқты әлеуметтік факторлар; емшек сүтімен қоректендіретін аналардың жағдайы – АИТВ-инфекция, туберкулездің белсенді түрі; бала денсаулығы жағдайы – ақуыз жетіспеушілігінің болуы, галактоземия, фенилкетонурия, "үйеңкі шырыны" ауруы жатады.

Салыстырмалы айғақтарға: көп ұрықты жүктіліктен туған балалар, күндізгі оқу бөлімінде оқитын студент болып табылатын аналардың балалары, аналарды стационарлық емдеу, емшек сүтімен қоректендіретін аналардың жағдайы: қан ауруларының ауыр түрлері, онкологиялық аурулар, жіті психикалық аурулар, бүйрек және жүрек-қан тамырларының жетіспеушілігі, іріңді-септикалық аурулар, эндокриндік және аллергиялық аурулардың ауыр түрлері, гипогалактиканың бастапқы нысандары.

Әрбір медициналық ұйымда медициналық айғақтардың болуы немесе болмауы туралы қорытынды беруі тиіс балаларды туған кезден бастап ерте жасанды/ аралас қоректендіруге ауыстыру жөніндегі лактологиялық комиссия құрылған.

Сүт қоспаларын босату нормасын аумақтық емхананың педиатры әр балаға жеке тағайындайды.

Толық ақпаратты, сондай-ақ ҚР ДСМ №786 бұйрықтың толық нұсқасын Сіз www.druginfo.kz сайтындағы «Тегін дәрілерге азаматтардың құқығы» айдарынан оқи аласыз.

Дәрілерді дұрыс қолдану, олардың мүмкін болатын жанама, өзара әсерлері туралы ақпаратты, сонымен қатар осы тәрізді сауалдарға:

Бала тағамын тегін алуға кім құқылы?



Тегін дәрілер жүкті әйелдерге беріледі ме?



Қандай дәрілер Қант диабеті, Гепатит, Бронх демікпесі, Артериялық гипертензия ауруларында тегін беріледі?



Балаларға қандай дәрілік заттарды, қай ауруларда тегін алуға болады?



ЛИАЦ ДІАС



ДӘРІ-ДӘРМЕК АҚПАРАТТЫҚ-ТАЛДАУ
ОРТАЛЫҒЫНЫҢ
мамандары жауап бере алады

ҚАЗАҚСТАН БОЙЫНША ҚОҢЫРАУ ШАЛУ ТЕГІН
8 800 080 88 87

сауалдарыңызды www.druginfo.kz сайтына жолдаңыздар

Назар аударыңыз!

Дәрі-дәрмек ақпараттық-талдау орталығы жарнама берушілермен және дәрілік заттарды өндірушілермен жұмыс жасамайды.

Халыққа арналған Дәрі-дәрмек бюллетенін басып шығаруды және таратуды Денсаулық сақтау саласын дамытудың 2011-2015 жылдарға арналған «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі қаржыландырады.

Тегін таратылады. Нөмірдің тиражы 8 000 дана.

Астана қ., Иманов к-сі 13, кеңсе 707А, тел.: 8 (7172) 56 44 03, 70 09 77

CALL – қызметінің телефоны 8 800 080 88 87.

e-mail: druginfo-kz@mail.ru

МАТЕРИАЛДЫ ДАЙЫНДАҒАН: Д.ӘБІЛҒАЗИНА, Л. СӘДУӘҚАСОВА, М.ИБРАЕВА, С.ДАНИЯРОВА, С.ЕСІМОВА.

ӘРЛЕУШІ: А. БАСИБЕКОВА.

БІЗДІҢ КЕҢЕСШІЛЕРІМІЗ: С. ОРАЛОВ, ҚР ДСӘДМ «ДСДРО» РМК Бас директоры орынбасары, К. ҚАЛИАСҚАРОВА – ҚР ДСӘДМ штаттан тыс бас гастроэнтерологы, В. РАХМЕТОВА – Астана қаласының Денсаулық сақтау басқармасының штаттан тыс бас гастроэнтерологы, Астана қаласы бойынша гепатологиялық орталықтың басшысы.